

**Тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттарды беру мен куәландырудың кейбір мәселелері**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 192 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1396 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.22 № 1396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 шілдедегі N 634 Р980634\_ қаулысын орындау үшін:

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттарды беру мен куәландыру жөніндегі қажетті құжаттарды заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасынан қабылдап алсын және оларды 1998 жылдың 1 желтоқсанынан бастап беруге кіріссін.

Премьер - Министр